• Жапсырмадағы кернеуді, токты және жүктемені көтере алатын және жерге тұйықталған кабельге ашаны қосыңыз. Ұяшық жапсырмада көрсетілген жүктемеге үйлесімді болуы керек және жерге тұйықталған контактісі болуы және жұмыс істеп тұруы тиіс. Жерге тұйықтау өткізгішінің түсі сары-жасыл болады. Бұл жұмысты білікті кәсіби маман ғана орындауы керек. Ұяшық пен құрылғы ашасы бір-біріне үйлесімді болмаса, білікті электр маманынан ұяшықты ауыстырып беруін сұраңыз. Аша мен ұяшық орнатылатын елдегі ток нормаларына сәйкес болуы керек. Омниполярлық ажыратқышты құрылғы мен қуат көзінің арасына қою арқылы қуат көзіне қосылуға болады, ол максималды қосылған жүктемені көтере алады және ағымдағы заңнама талаптарына сәйкес келеді. Жерге тұйықтауға арналған сары-жасыл кабельге ажыратқыш орнатудың керегі жоқ. Құрылғы орнатылғанда, қосылымға пайдаланылған ұяшық немесе омниполярлық ажыратқыш қолжетімді болуы керек.
• Ашаны қолжетімді жерге қою арқылы немесе сым жүргізу ережелеріне сәйкес бекітілген сымға қоқыш жалғау арқылы ажыратуға болады.
• Егер қуат кабелі зақымдалса, өндіруші тарапынан ұсынылған кабельмен немесе арнайы жинақпен алмастырылуы керек немесе тұтынушыларға қызмет көрсету бөліміне хабарласуыңыз керек.
Қуат кабелінің түрі H05V2V2-F болуы керек.
• Жоғарыда айтылғандарды орындамаған жағдайда, құрылғыға қауіп төніп, кепілдіктің күші жойылуы мүмкін.
Тазаламас бұрын шашыраған материалдың артық мөлшері алып тасталуы керек.
• Пиролитикалық тазалау процесі кезінде құрылғының беттері әдеттегіден ыстық болып кетуі мүмкін, сондықтан балаларды алысырақ ұстаған жөн.
• Шамадан тыс ысып кетпеуі үшін құрылғыны декоративті есіктің артына орнатуға болмайды.
• Ішіне сөре қойғанда, тежегіш жоғары қарап тұруы керек және қуыстың артқы жағында болуы керек.
Сөре қуысқа толықтай салынуы керек.
• ЕСКЕРТУ: пештің қабырғаларын алюминий фольгамен немесе дүкендерде сатылатын, бір рет қолданылуға арналған қорғағыш материалмен қаптауға болмайды. Алюминий фольга немесе басқа қорғағыш материал пештің ішіндегі ыстық эмальге тиіп тұрады да, еріп, эмальді бүлдіруі мүмкін.
• ЕСКЕРТУ: пеш есігінің тығыздағышын алып тастауға болмайды.
• Аспаптың атаулы жиілігінде жұмыс істеуі үшін қосымша операциялар/теңшеулер талап етілмейді.

Қорытынды

Жалпы нұсқаулықтар 19
1.1 Қауіпсіздік жөніндегі нұсқау
1.2 Электр қауіпсіздігі
1.3 Кеңестер
1.4 Орнату
1.5 Қалдықтарды кәдеге жарату
1.6 Сәйкестігінің декларациясы

Бұйымның сипаттамасы 21
2.1 Жалпы шолу
2.2 Қосымша керек-жарақтар
2.3 Алғашқы пайдалану

Пешті пайдалану 22
3.1 Дисплейдің сипаттамасы
3.2 Дайындау тәртіптері

Пешті тазарту және күтімі 25
4.1 Тазарту жөніндегі жалпы ескертпелер
4.2 Пиролиз
4.3 Aquactiva /Акваквтива функциясы
4.4 Қызмет көрсету
- Грильге арналған торларды алу және тазарту
- Пештің терезесін алу
- Әйнек есікті алу және тазарту
- Кішкене шамды ауыстыру

Ақауларды іздеу және жою 29
5.1 Жиі қойылатын сұрақтар

1. Жалпы нұсқаулықтар



Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшіналғыс білдіреміз. Пешіңізді пайдаланған кезде барынша тиімділікке қол жеткізу үшін сізге осы нұсқауды мұқият оқып шығып және болашақта пайдалану үшін ыңғайлы жерде сақтауға кеңес береміз. Пешті орнатудың алдында, жөндеудің қажеттігі пайда болған жағдайда клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарлау үшін, оның сериялық нөмірін жазып алыңыз. Пештен ораған материалын алғаннан кейін, онда тасымалдаған кезде пайда болған бүлінген жерлерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Күмән пайда болған жағдайда пешті пайдалануды тоқтатып және білікті техникалық маманнан кеңес сұраңыз.

Барлық орама материалды (пластикалық пакеттер, полистирол, шегелер) балалардың қол жетпейтін жерде сақтаңыз. Пешті алғаш қосқан кезде сіз пештің маңайындағы оқшаулағыш панельдердегі желімді жабындардың қызуынан пайда болған түтіндеуді байқауыңыз мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, және бұндай жағдайда пештің ішіне тамақ өнімдерін салмас бұрын сіз духовка шкафын қатты қыздырып және түтін тарағанша күтуіңіз керек. Өндіруші осы құжатта мазмұндалған нұсқаулықтар сақталмаған жағдайда жауапкершілік атқармайды.

ЕСКЕРТПЕ: Пештің қызметі, сапасы және қосымша жабдығы сіздің сатып алған пешіңіздің үлгісіне қарай бірін-бірінен өзгеше болуы мүмкін.

1.1 Қауіпсіздік жөніндегі нұсқау

Пешті тек тікелей мақсаты бойынша ғана, яғни тек тамақты дайындау үшін ғана пайдаланыңыз; кез келген басқа мақсатқа, мысалы жылу көзі ретінде қолдану дұрыс емес және, тиісінше қауіпті пайдалану болып есептеледі. Өндіруші дұрыс қолданбау және мақсаты бойынша пайдаланбаудың салдарынан келген кез келген шығын үшін жауап бермейді.

Кез келген электр-тұрмыстық құралдарды пайдалану бірнеше негізді ережелерді сақтауды талап етеді:

- айырды розеткадан суырып алған кезде кабелінен ұстап тартпаңыз;
- құралға қоылыңызды немесе аяғыңызды дымқыл күйінде тигізбеңіз.
- әдетте, жалғастырғыштарды, тармақтағыштар мен ұзартқыштарды пайдаланбауға кеңес беріледі;
- дұрыс емес және/немесе нашар жұмыс істеген жағдайда, құралды ажыратыңыз және оны бөлшектеуге тырыспаңыз.

1.2 Электр қауіпсіздігі

БАРЛЫҚ ЭЛЕКТР КӨЗДЕРІНЕ ҚОСУДЫ ТӘЖІРИБЕЛІ ЭЛЕКТРИКТІҢ НЕМЕСЕ БІЛІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАННЫҢ ОРЫНДАҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ.

Пеш қосылатын қуат көзі, құрылғы сол елде орнатылатын елдің аумағында қолданылатын нормативтердің талаптарына сәйкес болуы керек. Өндіруші осы нұсқаулықтарды сақтамаудан болған кез келген бүлінулер үшін жауап бермейді. Пеш жерге тұйықталған қабырғадағы розеткасы бар қуат көзіне, не көп полюсті ажыратқышқа, елдің аумағында қолданылатын нормативтік талаптарға байланысты, қосылуы керек. Электр қуат көздеріне қосу сәйкесінше сақтандырғыштармен қорғалған болуы, ал пайдаланылатын кабельдердің көлденең қимасы пештің қуат көзіне беру үшін қажетті шарттард қамтамасыз етуі керек.

ҚОСУ

Пеш кабельмен (айырсыз) бірге жиынтықта жеткізіледі, оны фазаларының арасындағы және фазаның және нейтралдың арасындағы 50 Гц жиіліктегі 220–240 В ауыспалы тоқтың қуат көзіне ғана қосқан дұрыс. Пешті қуат көзіне қосудың алдында:

- Өлшеу құралымен көрсетілетін қуат көзінің кернеуін;
- үзгіштің ретке келтірілгенін тексеріп алу қажет.

Пештің жерге тұйықтау кабелі қуат көзінің жерге тұйықтау клеммасына қосылады.

ЕСКЕРТУ

Пешті қуат көзіне қосудың алдында білікті электриктен қуат көзінің жерге тұйықтау кабелінің үздіксіздігін тексеруін сұраңыз. Өндіруші жерге тұйықтаудың дұрыс қосылмауынан болған

қандай да бір жазатайым уақиғалар немесе басқа да проблемалар үшін жауап бермейді.

ЕСКЕРТПЕ. Пешке қызмет көрсету қажет болуының ықтималдығы себепті, қабырғада тағы да бір розетканың болғаны дұрыс, егер пешті басқа орынға ауыстыру қажет болса пешті соған қосуға болады. Электр кабелін ауыстыруды тек техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандар не сәйкесінше біліктілікке ие басқа техникалық мамандар ғана жүзеге асыра алады.

1.3 Кеңестер

Пешті әрбір пайдаланудан кейін аздап тазартып алып отыру оны барынша таза ұстауға мүмкіндік береді.

Пештің қабырлағаларына алюминилі қабыршық қағазды немесе дүкендерде ұсынылатын басқа да бір рет пайдаланатын жабындарды салмаңыз. Алюминилі қабыршық қағаз, кез келген басқа да қорғаныш заты, эмальдалған ыстық бетке тікелей жанасқан кезде балқып кетуі мүмкін, бұл осы беттің пайдалану қасиетінің нашарлауына алып келеді. Пешіңіздің шамадан тыс қызып кетуіне және тамақты дайындаудың уақытында ластануынан пайда болатын түтіннің иісінің шығуына жол бермеу үшін біз оны өте жоғары температураларда жиі пайдаланбауға кеңес береміз. Одан да температураны аздап азайтып және тамақ дайындаудың уақытын ұзартқан дұрыс. Пешпен бірге жеткізілетін қосымша керек-жарақтардан өзге, біз жоғарры температуралардың әсеріне төзімді ыдыс пен пісіруге арналған қалыптарды ғана пайдалануға кеңес береміз.

1.4 Орнату

Орнату өндірушінің міндетіне кірмейді. Дұрыс орнатылмауына байланысты орын алған қателерді түзету үшін өндірушінің көмегі қажет болған жағдайда, бұндай көмектің кепілдікті міндеттемелерге кірмейтірнін ескеру қажет. Білікті мамандарға арналған, орнату жөніндегі нұсқаулықтың барлық талаптарын орындау қажет. Дұрыс орнатпау зиян келуіне немесе адамдар мен жануарлардың жарақат алуына немесе материалдық құнджлықтардың бүлінуіне себеп болуы мүмкін. Өндіруші бұндай бүлінулер үшін жауап бермейді.

Пеш соған орнатылатын асүйлік жабдықтың жиынтығы кем дегенде 70°C температураға шыдайтын материалдан жасалған болуы керек.

Пешті биік тіреуге немесе үстелдің үстіңгі тақтайының астына орнатуға болады. Пешті бекітудің алдында сіз бұл орында пешті салқындату және оның ішкі бөліктерін қорғау үшін талап етілетін ауаның тиісті түрде айналуын қамтамасыз ететін жақсы желдетудің бар екеніне көз жеткізіп алуыңыз керек. Бекітудің түріне қарай соңғы бетте көрсетілген сәйкесінше тесіктерді жасаңыз.

1.5 Қалдықтарды кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау.



Бұл құрал ЕО 2012/19/EU электр және электронды жабдықты кәдеге жарату туралы директивасының (WEEE) талаптарына сәйкес таңбаланған. Электр және электронды жабдықтың қалдықтары ластаушы заттардан да (қоршаған ортаға жағымсыз салдарлары болуы мүмкін), сондай-ақ негізгі тораптардан да (олар қайта пайдаланылуы мүмкін) тұрады. Электр және электронды жабдықтың қалдықтары барлық ластаушы заттарын жойып және барлық материалдарын қайта өңдеу арқылы кәдеге жаратудың рәсімдерінен дұрыс өтуі маңызды. Тіпті жекелеген тұлғалар да кәдеге жаратылатын электр және электронды жабдықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы мүмкін; бірнеше негізгі ережелерді орындау маңызды болып табылады:

- Электр және электронды жабдықтың қалдықтарына әдеттегі тұрмыстық қалдықтар сияқты қарауға болмайды.
- Электр және электронды жабдықтың қалдықтары қалалық әкімшіліктің немесе ресми тіркелген компанияның басқаруындағы арнайы қабылдау орындарына тапсырылуы керек.

Көптеген елдерде электр және электронды жабдықты кәдеге жарату жөніндегі ірі компаниялар жабдықты үйден тасып әкетуді ұйымдастыруы мүмкін. Жаңа электр тұрмыстық жабдықты сатып алған кезде, сатып алынатын құралдың сыныбына жататын және осындай қызметтерді орындауға арналған еск

і жабдықты сатушыға тапсыруға болады, ол бұндай жабдықты қабылдап алуға міндетті.

САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Мүмкіндігінше, пешті алдын ала қыздырмаңыз және әрқашан оны толтыруға тырысыңыз. Есікті мүмкіндігінше сирек ашыңыз, өйткені оны әрбір ашқан сайын пештің ішкі бөлігіндегі

жылудың тарап кетуіне әкеледі. Энергияны елеулі түрде үнемдеу үшін, пешті дайындауды аяқтаудың жоспарланған уақытына 5-10 минут қалғанда өшіріп отырыңыз, пештен шығатын қалдықты жылуды пайдаланыңыз. Саңылаусыз тығыздауышты таза ұстаңыз, бұл пештің ішкі бөлігіндегі жылуды тарап кетуінен сақтайды. Егер сіздің электр энергияңыздың тарифі сағат бойынша төлеуге арналған болса, «кейінге қалдырылған дайындау» бағдарламасы дайындаудың үдерісін төмендетілген тарифтердің уақытына ауыстыруға мүмкіндік бере отырып, энергияны сақтаудың неғұрлым оңай тәсілін қамтамасыз етеді.

1.6 Сәйкестігінің декларациясы

Бұл өнімдегі CE сәйкестік белгісі осы өнімнің Еуропалық тағам өнімдеріне арналған қауіпсіздік жөніндегі талаптарға, сондай-ақ осы топтағы өнім үшін еуропалық заңнамамен белгіленген қауіпсіздік және экологиялылық жөніндегі талаптарға сәйкес келетінін растайды.


EAC

Бұл бұйым Кеден Одағының техникалық регламенттеріне сәйкес келеді:
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольты жабдықтың сәйкестігі туралы»
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі»

Бұйым өнімді және қызметтерді сертификаттау жөніндегі органда сертификатталған «РОСТЕСТ-МОСКВА», Мәскеу қ.
Сәйкес келу сертификатының көшірмесін Сіз тауарды сатып алған дүкеннен немесе candymow@candy.ru электронды поштасына сауалды жазу арқылы ала аласыз.

2. Бұйымның сипаттамасы


2.1 Жалпы шолу



1. Басқару панелі
2. Бағыттаушы - торлардың орналасуы (көлденең сымды тор, егер жиынтыққа енетін болса)
3. Грильге арналған металды тор
4. Тамшылардың сорғалауына арналған поддон
5. Желдеткіш (болат тілімшенің артында)
6. Пештің есігі


2.2 Қосымша керек-жарақтар

1 Грильге арналған металды тор




Пісіруге арналған жайпақ табаларды және

2 Тамшылардың сорғалауына арналған поддон



Грильде тамақ дайындаған уақытта сорғалағап тамшыларды жинайды.

3 бүйір сым торлары



Қосылған кездегі сым торы.

тәрелкелерді ұстап тұрады.


Назар аударыңыз! Жеткізудің жиынтығы сіздің духовка шкафыңыздың моделіне байланысты болады және барлық модельдер үшін бірдей емес.

2.3 Алғашқы пайдалану

АЛДЫН АЛА ТАЗАРТУ
Пешті алғаш рет пайдаланудың алдында оны тазалап алыңыз. Сыртқы беттерін дымды жұмсақ матамен сүртіп шығыңыз. Барлық қосымша керек-жарақтарын жуып-шайып және жуғыш құрал салынған ыстық сумен пешті ішінен сүртіп шығыңыз. Бос пешті барынша жоғары температураға қойып және оны шамамен 1 сағаттай қосып қойыңыз, бұл жаңа пешке тән болатын иісін кетіруге мүмкіндік береді.

3. Пешті пайдалану

3.1 Дисплейдің сипаттамасы



1. Таймер/автоматты тәртіп
2. Желдеткіштің жұмысы
3. Жібіту тәртібі
4. Температураны немесе уақытты индикациялау
5. СК-дисплейді реттеудің батырмалары
6. Атқарымын таңдауға арналған тұтқа
7. Бағдарламаны таңдауға арналған тұтқа

ЕСКЕРТУ!
Орнату аяқталғаннан кейінгі не қуат көзін ажыратқанна кейінгі бірінші операция тәуліктің уақытын реттеу болып табылады (егер дисплейде 12:00 саны жыпылықтап тұрса, бұл қуат көзінің ажыратылғанын білдіреді).
200° -> температураның СИД-і “°” дисплейде көрсетілетін температураға жеткенге дейін, жыпылықтап тұрады.
HOT -> Дайындаудың бағдарламасы аяқталғаннан кейін, егер пештегі температура әлі жоғары болса, дисплей, тіпті тұтқа СӨНДІРУ қалпына бұралып тұрған болса да, уақыттың индикациялауымен кезектесіп келетін "HOT" (ЫСТЫҚ) ескертуін көрсетеді.

АТҚАРЫМЫ	ҚАЛАЙ ҚОСАДЫ	ҚАЛАЙ СӨНДІРЕДІ	ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОРЫНДАЙДЫ	НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ
ДЫБЫССЫЗ ТӘРТІП	• Атқарымын таңдаудың сол жақ тұтқасын «Тыныш тәртіп» қалпына дейін бұраңыз.	• Атқарымын таңдаудың сол жақ тұтқасын СӨНДІРУ қалпына дейін бұраңыз.	• Кері санау таймерінің дыбысын өшіруге мүмкіндік береді.	• Кері санау таймерінің дыбысын өшіру үшін.
УАҚЫТТЫ РЕТТЕУ	• Атқарымын таңдаудың сол жақ тұтқасын «Уақытты реттеу» қалпына дейін бұраңыз. • «+» және «-» батырмаларының көмегімен уақытты ретке келтіріңіз.	• Атқарымын таңдаудың т ұтқасын СӨНДІРУ қалпына дейін бұраңыз.	• Экранда көрсетілген уақытты реттеуге мүмкіндік береді.	• Уақытты реттеу үшін: Уақытты реттеуді пешті бастапқы орнатқаннан кейін немесе қуат көзін ажыратқанна кейін бірден (экранда 12.00 саны жыпылықтап шығып тұрады) жүргізген дұрыс.
ДАЙЫНДАУДЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ	• Атқарымын таңдаудың оң жақ тұтқасын дайындау қызметінің қалпына дейін бұраңыз. • Атқарымын таңдаудың сол жақ тұтқасын «Дайындаудың ұзақтығы» қалпына дейін бұраңыз. • Дайындаудың уақытын «+» және «-» батырмаларының көмегімен белгілеңіз. • Экранда «Auto» хабарламасы пайда болады.	•Дайындаудың уақыты аяқталған кезде, пеш автоматты түрде сөнеді, бұл кезде бірнеше секундтың ішінде хабарлау сигналы естіледі. Дайындау қызметін орындауды ертерек тоқтату үшін атқарымды таңдаудың тұтқасын СӨНДІРУ қалпына бұрау немесе атқарымды таңдаудың тұтқасын «Дайындаудың ұзақтығы» қалпына бұрау және «+» және «-»батырмаларын пайдалану арқылы уақытты 00.00-ге қою керек.	• Бұл таңдалған рецепт үшін қажетті дайындаудың уақытын алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Дайындаудың уақыты белгіленген кезде, атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасын, ағымдағы уақытқа қайта оралу үшін, СӨНДІРУ қалпына дейін бұраңыз. Таңдалған дайындаудың уақытын қарау үшін, атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасын «Дайындаудың ұзақтығы» қалпына бұраңыз.	• Қажетті рецепттерді дайындау үшін.
ДАЙЫНДАУДЫ АЯҚТАУ	• Атқарымын таңдаудың оң жақ тұтқасын дайындау қызметінің қалпына дейін бұраңыз. • Атқарымын таңдаудың сол жақ тұтқасын «Дайындауды аяқтау» қалпына дейін бұраңыз. • Дайындауды аяқтаудың уақытын «+» және «-» батырмаларының көмегімен белгілеңіз. • Экранда «Auto» хабарламасы пайда болады.	• Дайындаудың уақыты аяқталған кезде, пеш автоматты түрде сөнеді. • Дайындаудың атқарымын алдын ала сөндіру үшін атқарымды таңдаудың тұтқасын СӨНДІРУ қалпына бұраңыз.	• Бұл дайындауды аяқтаудың қажетті уақытын алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. • Дайындаудың уақыты белгіленген кезде, атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасын, ағымдағы уақытқа оралу үшін, СӨНДІРУ қалпына бұраңыз. • Таңдалған дайындаудың уақытын қарау үшін, атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасын «Дайындаудың уақытын аяқтау» қалпына бұраңыз **ЕСКЕРТПЕ:** Кідіртілген пісіру мүмкіндігі келесі пісіру режимдері үшін қолжетімді емес: Үрлемелі гриль және гриль	•Мысалы, егер қалаған тағамды дайындау үшін 45 минут қажет болса, және мен оның 12.30-ға қарай дайын болғанын қаласам, бұл жағдайда: белгіленген уақыттың соңында пеш автоматты түрде сөнеді және дыбыстық сигнал естіледі. Қалаған дайындау қызметін таңдаңыз. Дайындаудың ұзақтығын 45 минутқа белгілеңіз («-» «+»). Аяқтаудың уақытын 12:30-ға белгілеңіз («-» «+»). Дайындау 11:45-те автоматты түрде басталады (12:30 минус 45 минут), дайындаудың белгіленген уақытының соңында пеш автоматты түрде сөнеді. ЕСКЕРТУ. Егер, дайындаудың ұзақтығын көрсетпей, дайындауды аяқтаудың уақыты ғана белгілейсіз, пеш дереу қосылып және дайындаудың белгіленген уақытының соңында сөнеді.
КЕРІ САНАУ ТАЙМЕРІ	• Атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасын «Кері санау таймері» қалпына дейін бұраңыз. • Дайындаудың уақытын «+» және «-» батырмаларының көмегімен белгілеңіз.	• Атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасының көмегімен және «-» батырмасының көмегімен уақытты 00.00-ге белгілеңіз.	•Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі. Жұмыс істеп уақытта дисплейде қалған уақыт көрсетіледі.	• Пешті, тіпті егер пеш өшірілген болса да, оятқыш ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.
БАЛАЛАРДАН ОҚШАУЛАУ	• Атқарымды таңдаудың тұтқасын «Балалардан оқшаулау» қалпына дейін бұраңыз. • «+» батырмасын басып және оны 5 секунд ұстап тұрыңыз. • «Балалардан оқшаулау» қызметі, экранда «STOP» / «СТОП» жазуы пайда болған кезде қосылады. • Балалардан қорғау құлпы Балалардан қорғау құлпының ЖШД жанғанда және “STOP” сөзі дисплейде пайда болғанда қолжетімді болады	• Атқарымды таңдаудың сол жақ тұтқасын “Child lock” / «Балалардан оқшаулау» қалпына бұрап және «+» батырмасын басып және 5 секунд ұстап тұрыңыз. • «STOP» индикаторы жоғалады. • STOP көрсеткіші жоғалады және Балалардан қорғау құлпының ЖШД шамы жыпылықтай бастайды.	• Пешті пайдалана алмайды.	• Бұл қызмет, егер үйде балалар болса, тиімді.

3.2 Дайындау тәртіптері

Атқарымның белгісі	Т °C жасырын	Т °C диапазон	Қызметі (Пештің моделіне байланысты)
			**ШАМ:** пештің көмескі жарығын қосады.
	40	40 ÷ 40	**ЖІБІТУ:** реттегіштің тұтқасын осы қалыпқа қойған кезде. Желдеткіш тоңазытылған тамақтың маңайында бөлме температурасындағы ауаның айналуын қамтамасыз етеді, соның арқасында ол бірнеше минуттың ішінде тамақтың ақуыздық құрамын жоғалтпай немесе өзгертпей жібиді.
	210	50 ÷ 240	**Жылы күйінде ұстау:** бұл қызмет бұрын дайындалған өнімдерді қыздыру үшін, егер сөре жоғарыда екінші деңгейде орнатылатын болса, немесе, егер сөре төменгі деңгейге орнатылса, пиццаны жібіту немесе пісіру үшін ұсынылады. Температура 60°C-ға белгіленген, реттеу мүмкін емес.
	180	50 ÷ 240	**ҮРЛЕУ АРҚЫЛЫ ДАЙЫНДАУ:** біз бұл әдісті тамақты, тоқаш наңды, балықты және көкөністерді дайындау үшін пайдалануға кеңес береміз. Жылу тамаққа жақсы енеді, соның арқасында дайындаудың уақыты да, сондай-ақ алдын ала қыздырудың уақыты да қысқарады. Сіз әр түрлі тамақтарды бір уақытта бірдей дайындықпен немесе онсыз бір немесе бірнеше қалпында дайындай аласыз. Дайындаудың бұл әдісі жылудың бірқалыпты бөлінуін қамтамасыз етіп және иістердің араласуына жол бермейді. Бірнеше тағамды бір уақытта дайындаған кезде дайындаудың уақытын қосымша он минутқа арттырыңыз.
** 	210	50 ÷ 240	
* 	220	50 ÷ 280	**ДАЙЫНДАУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТӘСІЛІ:** жоғарғы, сондай-ақ төменгі де қыздырғыш элементтер пайдаланылады. Пешті алдын ала 10 минут қыздырып алыңыз. Бұл тәсіл қуырудың және пісірудің дәстүрлі тәсілдері үшін өте ыңғайлы. Қызыл етті, ростбифті, қозының сирағын, қабыршық қағазға оралған (папильотка) тамақты, қаттама пісіруді дайындау үшін. Табақтағы тағамдарды сөреге ортасына қойыңыз.
	210	50 ÷ 230	**ҮРЛЕУ + ТӨМЕНГІ ҚЫЗДЫРҒЫШ ЭЛЕМЕНТ:** пештің ішіндегі ауаның айналуын қамтамасыз ететін желдеткіштің жұмысы кезінде төменгі қыздырғыш элемент пайдаланылады. Бұл әдіс ішіне жеміс салынған өте дәмді бәліштерді, ашық түрде салынған бәліштерді, ішіне ет немесе балық салынған пісірмелерді және бәліштерді дайындау үшін өте ыңғайлы. Тамақты кеуіп кетуден сақтайды және жылуды астынан беру арқылы дайындалатын бәліштердегі қамырды, нанның қамырын және басқа да тағамдардағы қамырды көтереді. Сөренді төменге орналастырыңыз.
	200	150 ÷ 220	**ҮРЛЕЙТІНІ БАР ГРИЛЬ:** есігін жауып турбиналы-грильді пайдаланыңыз. Төменгі қыздырғыш элемент пайдаланылады, бұл уақытта желдеткіш пештің ішіндегі ауаның айналуын қамтамасыз етеді. Қызыл етті дайындаған кезде пешті қыздыру қажет, ал ақ етке бұлай істеу міндетті емес. Қалың тамақтарды, сондай-ақ тұтас кесектерді де, мысалы, қуырылған шошқа етін, құсты және т.б. дайындауға үшін өте ыңғайлы. Грильдің астында тұрып пісетін тағамды орта қалпына орнатылған сөренің ортасына қойыңыз. Тамақтан бөлінетін сөлі соған ағуы үшін сөренің астына поддонды қойыңыз. Тамақты грильге тым жақын орнатпаңыз. Дайындау уақытының жартысы өткеннен кейін, тамақты аударыңыз.
	L3	L1 ÷ L5	**ГРИЛЬ:** есігін жауып грильді пайдаланыңыз. Жоғарғы қыздырғыш элемент жеке пайдаланылады, және сіз температураны реттей аласыз. Қыздырғыш элементтерді қып-қызыл болғанша қыздыру үшін пешті алдын ала бес минут қыздыру керек. Бұл қызметі рашпердегі тағамдарды, кебабтарды және қабығымен пісірілетін тағамдарды сәтті дайындауға көпілдік береді. Ақ етті грильден алысырақ орналастырған дұрыс; дайындаудың уақыты артады, есесіне ет дәмді болады. Сіз қызыл етті және балықтың жон етін, сұйығы ағу үшін астынан поддонды қойып, сөреге салуыңызға болады. Пештің грильге арналған екі қалпы бар: Гриль: 2140 Вт Барбекю: 3340 Вт
Super grill	L3	L1 ÷ L5	**СУПЕР ГРИЛЬ:** грильдің қыздырғыш элементінің екі пішіні бар Гриль: 2200 Вт Супер гриль: 3000 Вт
	ЭКО	ЭКО÷СУПЕР	**ПИРОЛИЗ**

* EN 60350-1-ге сәйкес тестіленген

** Энергияны тұтыну сыныбын анықтау үшін қолданылатын CENELEC EN 60350-1 талаптарына сәйкес тестіленген.

4. Пешті тазарту және күтімі

4.1 Тазарту жөніндегі жалпы ескертпелер

Құралдың тазалығын үнемі қадағалап отырса, оның қызмет ету мерзімін ұзартуға болады. Пешті қолмен тазартудың алдына, ол салқындағанша тосыңыз. Ешқашан тазарту үшін түрпілі еріткіштерді, металдан жасалған щеткаларды немесе үшкір заттарды пайдаланбаңыз, өтіккені бұл эмальдалған жабынын қалпына келместей етіп бүлінуіне әкеледі. Тазарту үшін тек суды, сабында және хлорлы негіздегі жуғыш құралдарды (аммиак) пайдаланыңыз.

ӘЙНЕК БӨЛІКТЕРІ
Есіктің әйнегін пешті әрбір пайдаланғаннан кейін ылғалды жақсы сіңіріп алатын асүй сүлгісінің көмегімен тазартуға кеңес беріледі. Тұрып қалған дақтарды кетіру үшін жуғыш құрал сіңдірілген, жықсылап сығылған ысқышты пайдалануға болады, бұдан кейін дақтарды сумен жуып кетірген дұрыс.

ДУХОВКА ШКАФЫНЫҢ ЕСІГІНІҢ НЫҒЫЗДАУЫШЫ
Ныгыздауыш ластанған жағдайда, оны аздап сулап алынған ысқышпен тазартуға да болады.

ҚОСЫМША КЕРЕК-ЖАРАҚТАР
Қосымша керек-жарақтарды дымды сабынды ысқышпен тазартыңыз, одан кейін оларды сумен жуып-шайып және кептіріңіз, түрпілі жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.

ТАМШЫЛАРДЫҢ АҒУЫНА АРНАЛҒАН ПОДДОН
Грильді пайдаланғаннан кейін поддонды пештен суырып алыңыз. Ыстық майды контейнерге құйып және поддонды ыстық суда ысқыштың және жуғыш құралдың көмегімен жуып-шайыңыз.
Егер майлы қалдықтарды кетіре алмасаңыз, поддонды суда жуғыш құралмен сулап алыңыз. Сондай-ақ сіз поддонды ыдыс-аяқ жуатын машинада жуып тазалай немесе дүкендерде ұсынылған жуғыш құралды пайдалана аласыз. Ешқашан ластанған поддонды пешке қайта салмаңыз.

4.2 Пиролиз

Пеш тамақтың қалдықтарын жоғары температураның әсерімен жоятын пиролиттік тазарту жүйесімен жабдықталған. Операция арнайы бағдарламаланатын атқарымның көмегімен автоматты тәртіпте жүзеге асырылады. Нәтижесінде пайда болатын түтін дайындаудың басында бірден іске қосылатын, пиролизге арналған құрылғы арқылы өтіп «тазартылады». Пиролиз үшін жоғары температуралардың әсері қажет болатындықтан пештің есігі оқшаулайтын құрылғымен жабдықталады. Пиролиздің үдерісі кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін. Есік, оқшаулаудың белгісі көрсетіліп тұрған кезде ашыла алмайды.
ЕСКЕРТПЕ. Егер пештің үстінен пісіретін панель орнатылған болса, құрылғы пиролиттік тазарту тәртібінде жұмыс істеп тұрған уақытта газды немесе электр конфоркаларын пайдаланбаңыз; бұл пісіретін панельді қызып кетуден сақтауға мүмкіндік береді.
Алдын ала белгіленген екі ПИРОЛИТТІК ЦИКЛ бар:
ECO PYROCLEAN / ЭКО ПИРОТАЗАРТУ: қалыпты ластанған пешті тазартады. 90 минут жұмыс істейді. SUPER PYROCLEAN / СУПЕР ПИРОТАЗАРТУ: қатты ластанған пешті тазартады. 120 жұмыс істейді. Ешқашан пиролиттік пештер үшін дүкендерден сатып алған жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз!
Кеңес: Дайындағаннан кейін пиролиттік тазартуды бірден орындау сізге қалған жылуды пайдалануыңызға мүмкіндік береді, соның арқасында электр энергиясы үнемделеді.

Пиролиттік циклді іске қосудың алдында:

• Пештен барлық қосымша керек-жарақтарды суырып алыңыз, өйткені олар пиролиттік тазарту циклінің жоғары температураларының әсеріне арналмаған; атап айтқанда, торларды, қапталдағы торларды (бағыттаушы) және телескопты бағыттаушыларды суырып алыңыз (ТОРЛАРДЫ ЖӘНЕ ҚАПТАЛДАҒЫ СӨРЕЛЕРДІ - БАҒЫТТАУШЫЛАРДЫ СУЫРЫП АЛУ тарауын қараңыз). Етке арналған термометрмен жабдықталған пештерде тазартудың циклін қосудың алдында саңылауды жиынтықта

жеткізілетін гайкамен жабыңыз.

• Молынан төгілген сұйықтықты және аса ірі дақтарды кетіріп тастаңыз, өйткені оларды кетіруге тым ұзақ уақыт жұмсалады. Сондай-ақ майдың көп болуы да Пиролиттік циклдің уақытында жоғары температураларының әсерінен тұтануы мүмкін.

• Пештің есігін жабыңыз.

• Тазартудың алдында мол төгілген сұйықтықты сүртіп тас тау қажет.

Пиролиттік циклді пайдалану:

1- Атқарымды таңдаудың тұтқасын « » қалпына белгілесіз. Дисплейде «ECO» немесе «SUP» жазуы көрінеді. Алдын ала белгіленген уақыт 90 минутты құрайды, алайда ол 90 минуттан (Эко режим) 120 минутқа дейін (Супер режим) бағдарламаланатын қызметтің көмегімен көбейтіле алады (реттеуге арналған «+» немесе «-» батырмалары). Егер пеш тым лас болса, уақытты 120 минутқа дейін көбейтуге кеңес беріледі, қалыпты ластанған пеш үшін тазарту циклінің уақытын 90 минутқа дейін төмендетуге болады.

2- Бағдарламалау құрылғысының көмегімен АЯҚТАУ уақытын (End time) өзгертіп кейінге қалдырылған пиролиттік тазартудың циклін бастаудың уақытын белгілеуге болады.

3- Бірнеше минут өткеннен кейін, пеш жоғары температураға жеткен кезде, есік автоматты түрде оқшауланады. Пиротазартудың циклі атқарымды таңдаудың тұтқасын кері қарай «0» қалпына бұрау арқылы кез келген уақытта тоқтатыла алады (3 секундтың ішінде OFF сөзі көрсетіледі).

4- Пиротазартудың циклі аяқталғаннан кейін, пиролиздің үдерісі автоматты түрде сөндіріледі. Дисплейде есікті оқшаулаудың уақытында «END» хабарламасы көрсетіледі, ол бұдан кейін «0--n»-ге ауысады.

5- Сіз атқарымды таңдаудың тұтқасын кері қарай «0» қалпына бұра аласыз, алайда егер температура әлі де жоғары болса, есіктің оқшауланғанын білдіретін «0--n» хабарламасы пайда болады.

Сенсорлық басқарылатын пештерде пиролиттік циклді пайдалану:

1- Атқарымды таңдаудың тұтқасын пиролиздің қалпына белгілеңіз. Дисплейде «ECO» немесе «SUP» көрсетіледі.

2- Алдын ала белгіленген, 90 минутқа тең уақыт 90 минуттан (Eco mode/ Эко режим) 120 минутқа дейін (Sup mode / Супер режим) бағдарламалауға арналған құрылғының көмегімен көбейтіле алады («+» немесе «-» батырмалары). Пеш тым ластанған кезде уақытты 120 минутқа дейін көбейткен дұрыс, ал болмашы ластанған пеш үшін тазарту циклінің уақытын 90 минутқа дейін төмендетуге болады.

4.3 Aquactiva /Акватива функциясы

Акватива рәсімі пештегі қалдық майды және тамақтың бөлшектерін тазарту үшін буды пайдалануға мүмкіндік береді.

1. 300 мл суды пештің түбіндегі арнайы Акватива қуысына құйыңыз.
2. Пештің қызметін Тұрақты қыздыру ( ) немесе Төменгі қыздыру ( ) қалпына қойыңыз.
3. Температураны Акватива белгісіне белгілеңіз.
4. Бағдарламаны орындау аяқталғанша 30 минут тосыңыз.
5. 30 минут өткеннен кейін бағдарламаны өшіріп және пеш салқындағанша тосыңыз.
6. Құрал салқындаған кезде, оның ішкі бетін шүберекпен тазартыңыз.

Ескерту:

Құралға жанаспас бұрын, оның салқындағанына көз жеткізіп алыңыз.

Барлық ыстық беттерден абай болыңыз, күйіп қалуыңыз мүмкін. Тазартылған немесе ауызсуды пайдаланыңыз.


Назар аударыңыз: Precò Touch Интерфейсі бар кейбір пиролиттік пештер Акватива қызметін ұсынады. Оны іске қосу үшін атқарымды таңдаудың тұтқасын AQUACTIVA ( ) символының қалпына бұраңыз және «+» және «-» батырмаларының көмегімен пештің температурасын 90°-қа белгілеңіз.



4.4 Қызмет көрсету

Қапталдағы сөрелерді - бағыттаушыларды босатып алу және тазарту

1. Болтты сағат тіліне қарсы бұрап босатып алыңыз.
2. Қапталдағы сөрелерді - бағыттаушыларды өзіңізге қарай тартып босатып алыңыз.
3. Қапталдағы сөрелерді - бағыттаушыларды ыдыс-аяқ жуатын машинада немесе сулап алынған ысқыштың көмегімен тазартыңыз және оларды бірден кептіру керек.
4. Қапталдағы сөрелерді - бағыттаушыларды тазартып, оларды орнына салыңыз және болттарды қайтадан бұрап бекітіп, олардың толық бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



ДУХОВКА ШКАФЫНЫҢ ЕСІКТЕРІН БОСАТЫП АЛУ

1. Духовка шкафының есіктерін ашыңыз.
2. Есіктің оң жақ және сол жағындағы топсалардың қысқыштарын, төменге қарай басып ашыңыз.
3. Осы рәсімді кері тәртіпте қайталап есікті орнына орнатыңыз.

ӘЙНЕК ЕСІКТЕРДІ БОСАТЫП АЛУ ЖӘНЕ ТАЗАРТУ

1. Пештің есігін ашыңыз.

2.3.4. Топсаларды оқшаулап, бұрандаларды алып тастаңыз және жоғарғы металл қақпақты жоғары қарай тартып босатып алыңыз.


5.6. Әйнекті пештің есігінен абайлап суырып алыңыз (Назар аударыңыз: пиролиттік пештерде екінші және үшінші әйнегін де алып тастаңыз (олар болған кезде)).

7. Тазарту немесе ауыстыру аяқталғаннан кейін барлық бөліктерін кері тәртіпте орына салыңыз. Барлық әйнектерде «Pyro» деген белгілері оңай оқылатын болуы және есутің сол жақ бөлігінде, сол жаө топсаның жанында орналауы керек. Осылайша, бірінші әйнекте басылған белгі есіктің ішінде орналасатын болады.


1.




2.




3.




4.




5.



6.





7.



КІШКЕНЕ ШАМДЫ АУЫСТЫРУ

1. Пешті қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Қорғаныш әйнекті алыңыз, кішкене шамды бұрап шығарып және оны сол модельдегі жаңа кішкене шаммен ауыстырыңыз.
3. Ақаулы шамды ауыстырғаннан кейін, қорғаныш әйнекті орнына салыңыз.







5. Ақауларды іздеу және жою

5.1 Жиі қойылатын сұрақтар

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Пеш қызбайды	Сағат ретке келтірілмеген	Сағатын ретке келтіріңіз
Пеш қызбайды	Балалардан оқшаулау іске қосылған	Балалардан оқшаулауды ажыратыңыз
Пеш қызбайды	Дайындаудың қызметі және температура белгіленбеген	Барлық қажетті реттеулердің дұрыс орындалғанына көз жеткізіңіз


УСТАНОВКА RU



A **RU** Если монтаж плинтуса не допускает циркуляции воздуха, для достижения максимальной производительности печи в нем должно быть отверстие 500x10 мм или 5 000 мм^2 той же поверхности.

A **KZ** Егер плинтусты бекіту ауа циркуляциясына рұқсат бермесе, пештің максималды өнімділігіне қол жеткізу үшін 500x10 мм саңылау немесе 5,000 мм^2 ауданда бірдей бет жасау қажет болады.

ОРНАТУ KZ




RU Если кухонная мебель имеет заднюю стенку, сделайте в ней отверстие для ввода кабеля питания

KZ Жиһаздың артқы жағы жабық болса, қуат кабелін өткізетін саңылау жасаңыз.

RU Если в духовке нет охлаждающего вентилятора, необходимо выполнить отверстие 460 mm x 15 mm

KZ Егер пештің салқындату желдеткіші болмаса, есік жасаңыз 460 mm x 15 mm



70016859 • 70 gr A5 • 08.2022 • REV_0

RU

Производитель не несет ответственности за неточности, связанные с опечатками и неправильным переводом, которые могут иметь место в данной брошюре. Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию выпускаемых им изделий, включая такие изменения, которые могут оказывать влияние на их эксплуатационные характеристики, при условии, что эти изменения не снижают безопасность и функциональные возможности изделия.

KZ

Өндіруші осы нұсқаулықта кезігуі мүмкін қате терілу мен жаңсақтықтар үшін жауапкершілік көтермейді. Біз шығарылатын өнімдердің сапасын жақсарту мақсатында, өзіміз шығаратын бұйымдардың конструкциясына өзгертулер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз. Бұл орайда бұйымның негізгі функциялары мен оның қауіпсіздігі өзгеріссіз қалатын болады.